**«Утверждаю»**
**Генеральный директор**
**РГП «Госэкспертиза»**
**_________ К. Кажкенов**
**«07» сентября 2021 г.**

**Антикоррупционный стандарт**

**1. Наименование сферы общественных отношений:** комплексная вневедомственная экспертиза проектов.

**2. Наименование разработчика антикоррупционного стандарта:** Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного пользование Государственная вневедомственная экспертиза проектов Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан.

**3. Правила поведения (действия) лиц, работающих в обособленной сфере общественных отношений:**

3.1 при реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц в сфере, затрагиваемой антикоррупционным стандартом:

*1) руководствоваться принципом законности, требованиями Конституции, законов и иных нормативных правовых актов Республики Казахстан;*

*2) на постоянной основе принимать меры по противодействию коррупции (антикоррупционный мониторинг, внутренний анализ коррупционных рисков, антикоррупционное просвещение работников, и др. мероприятий направленные на минимизацию коррупционных рисков) для устранения причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений;*

*3) не использовать свои должностные полномочия и связанные с ними возможности для получения имущественной и неимущественной выгоды;*

*4) не допускать злоупотреблений служебным положением, проявлений необоснованного бюрократизма и волокиты а также проявления грубости и предвзятости;*

*5) принимать меры по недопущению конфликта интересов;*

*6) не допускать действия (бездействие), затрудняющие реализацию физическими и юридическими лицами своих прав и законных интересов;*

*7) не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность государственных органов, организаций, государственных служащих и иных лиц при решении вопросов личного характера;*

*8) незамедлительное рассмотрение обращений, заявлений граждан и юридических лиц по фактам нарушений служебной этики, сигналов о коррупционных правонарушениях со стороны работников государственной экспертизы, поступающих в канцелярию, на телефон доверия и в ящик для обращений граждан, а также обращения, поступившие на единой платформе приема и обработки всех обращений граждан «E-otinish».*

3.2. при подготовке и принятии управленческих и иных решений в рамках своей компетенции:

*1) не допускать по отношению к подчиненным работникам необоснованных обвинений, фактов грубости, унижения человеческого достоинства, бестактности, некорректного поведения;*

*2) в процессе исполнения поручений руководителей предоставлять только объективные и достоверные сведения;*

*3) уведомлять комплаенс-службу РГП «Госэкспертиза» и уполномоченные правоохранительные органы обо всех случаях склонения к совершению коррупционных правонарушений;*

*4) неукоснительно соблюдать трудовую дисциплину, эффективно распоряжаться предоставленными полномочиями; добросовестно, беспристрастно и качественно исполнять свои служебные обязанности; рационально использовать рабочее время.*

3.3. при иных взаимоотношениях, возникающих в зависимости от специфики сферы жизнедеятельности:

*1) заказчики, проектные организации и их представители, а также иные граждане, обратившиеся с частными запросами обязаны уважать честь и достоинство лиц, участвующих в проведении комплексной вневедомственной экспертизы проектов;*

*2) соблюдать конфиденциальность и обеспечивать служебную и коммерческую тайну по рассматриваемым проектам, а также соблюдение условий договора о не конкуренции и неразглашении конфиденциальной информации, заключенной между Предприятием и работниками;*

*3) применять оптимальные, экономичные и иные компетентные способы решения поставленных задач для профессиональной работы;*

*4) постоянно совершенствовать свою квалификацию и профессионализм.*

**4. Иные ограничения и запреты:**

*1) проводить комплексную вневедомственную экспертизу по проектам, в подготовке которых данный эксперт принимал прямое или косвенное участие либо выполненным с участием супруга (супруги) и (или) близких родственников;*

*2) заниматься предпринимательской деятельностью, и находится в трудовых, финансовых отношениях связанными в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельностью;*

*3) осуществлять единолично экспертную деятельность и иные действия, запрещенные действующим законодательством Республики Казахстан;*

*4) не склонять и не поощрять других лиц на совершение коррупционных правонарушений;*

*5) принимать подарки при исполнении служебных полномочий.*

**«Бекітемін»**
**«Мемсараптама» РМК-нің**
**бас директоры**
**_________ Қ. Қажкенов**
**2021 жылғы «04» қыркүйек**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт**

**1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы:** жобаларды ведомстводан тыс кешенді сараптау.

**2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы:** Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларына мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын.

**3. Қоғамдық қатынастардың жекеше саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлығы (іс-әрекеті) қағидалары:**

3.1 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

*1) заңдылық принципін, Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу;*

*2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын тұрақты негізде қабылдау (сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау, қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған іс-шаралар);*

*3) мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өз лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерін пайдаланбау;*

*4) қызметтік жағдайын асыра пайдалануға, негізсіз бюрократизм мен қағазбастылыққа, сондай-ақ өрескелдік пен теріс түсінікке жол бермеу;*

*5) мүдделер дауына жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;*

*6) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына қиындық туғызатын әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) жол бермеу;*

*7) жеке мәселелерін шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;*

*8) қызметтік этиканы бұзу фактілері бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін, арыздарын, мемлекеттік сараптама жұмыскерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы сигналдарды кеңсеге, сенім телефонына және азаматтардың*

*өтініштеріне арналған жәшікке түсетін өтініштерді, сондай-ақ азаматтардың "E-otinish" барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасында келіп түскен өтініштерді дереу қарау.*

3.2. өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

*1) бағынышты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, өрескелдік, адамның ар-намысын қорлау, әдепсіздік, теріс мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;*

*2) басшылардың тапсырмаларын орындау барысында объективті және дұрыс мәліметтерді ғана ұсыну;*

*3) «Мемсараптама» РМК комплаенс-қызметіне және уәкілетті құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға бейімделу фактілері туралы хабарлау;*

*4) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтау, берілген өкілеттіктерді тиімді басқару; өз қызметтік міндеттерін адал, риясыз және сапалы орындау; жұмыс уақытын ұтымды пайдалану.*

3.3. тіршілік қызметі саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

*1) тапсырыс берушілер, жобалау ұйымдары және олардың өкілдері, сондай-ақ жеке сұратуларымен жүгінген өзге де азаматтар жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасын жүргізуге қатысатын адамдардың ар-намысы мен абыройын құрметтеуге міндетті;*

*2) қаралатын жобалар бойынша құпиялылықты сақтау және қызметтік және коммерциялық құпияны қамтамасыз ету, сондай-ақ Кәсіпорын мен қызметкерлер арасында жасалған бәсекелессіздік және құпия ақпаратты таратпау туралы шарт талаптарын сақтау;*

*3) кәсіптік жұмыс үшін қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы, үнемді және өзге де білікті тәсілдерін қолдану;*

*4) өз біліктілігі мен кәсіпқойлығын үнемі жетілдіріп отыру.*

**4. Өзге де шектеулер мен тыйым салулар:**

*1) оларды дайындауға сарапшы тікелей немесе жанама қатысқан немесе жолдасының (жұбайының) және (немесе) жақын туыстарының қатысуымен орындалған жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу;*

*2) кәсіпкерлік қызметпен айналысу және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметпен байланысты еңбек, қаржылық қатынастарда болу;*

*3) сараптама қызметін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынған өзге де әрекеттерді жеке-дара жүзеге асыру;*

*4) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға бейімдемеу және көтермелемеу;*

*5) қызметтік өкілеттіктерін орындау кезінде сыйлықтар алу.*